

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ТАЛАС АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ



ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКИМАТ
ТАЛАССКОГО РАЙОНА
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

21 қаңтар 2010 жылғы № 21 2010 год
№ _____ дана Әкім. № _____

Қаратау қаласы

**«Талас аудандық «Талас тынысы»
газетінің редакциясы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын
қайта ұйымдастыру жолымен қайта
құру туралы**

«Қазақстан Республикасын бәсекелістік қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттігі) Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша өңіраралық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің 2010 жылғы 26 қарашадағы «Талас ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талас тынысы» газетінің редакциясы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын құруға келісім беру туралы» №402-НҚ бұйрығы негізінде және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Талас аудандық «Талас тынысы» газетінің редакциясы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қайта ұйымдастыру жолымен Талас ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талас тынысы» газетінің редакциясы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта құрылсын. (бұдан әрі – Кәсіпорын)

2. Талас ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талас тынысы» газетінің редакциясы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Жарғысы мен өткізу актісі бекітілсін.

3. Кәсіпорнының басшысы (Д.Молдақұлов) Жарғыны Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау ауданы Әкімі аппаратының басшысы Бегежан Маханбеткәрімұлы Бадаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі



А. Қарабалаев